

Суды кешенді пайдалану мен қорғаудың схемаларын әзірлеу және бекіту тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 19 тамыз 1994 ж. N 932. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.02.10. N 159 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Су кодексін күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы N 2062 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Суды кешенді пайдалану мен қорғаудың схемаларын әзірлеу және бекіту тәртібі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитет мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және облыстардың әкімдерімен бірлесе отырып Суды кешенді пайдалану мен қорғаудың схемаларын жасау жөніндегі әзірленетін схемалар мен әдістемелік нұсқауларды келісу тәртібін үш ай ішінде әзірлеп, бекітетін болсын.

3. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Суларды комплексті пайдалану мен қорғаудың схемаларын әзірлеу және бекіту тәртібі туралы" 1976 жылғы 30 шілдедегі N 359 қаулысы /Қазақ ССР ҚЖ., 1976 ж., N 17, 54-бап/ күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 19 тамыздағы
N 932 қаулысына
Қосымша

**Суды кешенді пайдалану мен қорғаудың
схемаларын әзірлеу және бекіту**

ТӘРТІБІ

1. Халықтың, экономика салаларының суға деген алдағы уақыттағы қажетін қанағаттандыру үшін және айналадағы ортаның экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін суды сақтаудың негізгі су шаруашылық және басқа да шараларын белгілеу мақсатында суды кешенді пайдалану мен қорғаудың бас, бассейндік аумақтық схемалары, шағын өзендердің суын қорғаудың схемалары әзірленеді.

Суды кешенді пайдалану мен қорғаудың бас схемалары Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған шешімдер негізінде Қазақстан Республикасының су шаруашылығын дамытудың принципі бағыттарын белгілеу мақсатымен әзірленеді.

Бассейндік схемалар бас схеманың негізінде өзендердің бассейндік және басқа да су объектілері үшін әзірленеді.

Аумақтық схемалар бас және бассейндік схемалардың негізінде республика мен облыстардың экономикалық аудандары үшін әзірленеді.

Шағын өзендердің суын қорғау схемалары суды кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік және аумақтық схемаларында бекітілген ережелер негізінде 200 километр қашықтыққа дейін созылатын өзендер үшін әзірленеді.

Бассейнінің бір бөлігі Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан өзендер үшін суды кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік схемалары:

егер шектес мемлекетпен бір мезгілде бассейн схемасын жасау туралы келісім болса, бассейнге тұтас әзірленеді. Бұл ретте мұндай схеманы жасау тәртібі әрбір жеке жағдайда осы келісіммен белгіленеді;

егер аталған келісім жоқ болса, Қазақстан Республикасының аумағында ғана әзірленеді. Шектес мемлекеттің суға деген қажеті мұндай жағдайда мемлекеттер арасында су бөлу туралы келісіммен белгіленген мөлшерде есепке алынады.

2. Суды кешенді пайдалану мен қорғаудың схемалары мемлекеттік және жергілікті маңызы бар схемаларға бөлінеді.

Мемлекеттік маңызы бар схемаларға:

суды кешенді пайдалану мен қорғаудың бас схемалары;

бассейн екі немесе одан да көп облыстардың аумағында орналасқан болса, сондай-ақ бассейн бір облыстың аумағында орналасып, бірақ схемаларда белгіленетін шаралар басқа облыстарды сумен қамтамасыз ету шарттарын және олардың су жағдайын өзгертетін реттерде суды кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік схемалары;

схемаларда белгіленетін шаралар екі немесе бірнеше облысты сумен қамтамасыз ету шарттарын және олардың су жағдайын өзгертетін реттерде суды кешенді пайдалану мен қорғаудың аумақтық схемалары;

суы екі және одан да көп облыстардың аумағы бойынша ағатын жағдайда шағын өзендердің суын қорғау схемалары жатады.

Суды кешенді пайдалану мен қорғаудың бұдан басқа бассейндік және аумақтық схемалары, сондай-ақ шағын өзендердің суын қорғау схемалары жергілікті маңызы бар схемаларға жатқызылады.

Суды кешенді пайдалану мен қорғаудың схемаларын әзірлеуді мемлекеттік су ресурстарын басқару органы қажет болған жағдайда басқа министрліктер мен ведомстволардың мамандандырылған ұйымдарын қатыстыра отырып жүзеге

а с ы р а д ы .

3. Суды кешенді пайдалану мен қорғаудың бас, бассейндік және аумақтық схемаларында белгіленген шаралар су ағысын реттеу, оны үнемдеп жұмсау, тазартылмаған немесе толық тазартылмаған ағын суды тоқтату және өндіріс технологиясы мен сумен жабдықтау схемаларын жетілдіру негізінде /сусыз технологиялық процестерді, ауамен суытуды, сумен айналмалы жабдықтауды және басқа техникалық тәсілдерді қолдану/ суаттардың жайын жақсарту жөнінде шаралар қолдану жолымен суды неғұрлым тиімді және ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

Шағын өзендердің суын қорғау схемаларында белгіленетін шаралар осы өзендердің ластануының, былғануы мен сарқылуының алдын алу мен оны жоюды, өзендердің қолайлы су режимі мен тиісінше санитарлық жағдайын сақтау жөніндегі жұмыстың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге, жағалаулардың және су экожүйелерінің сақталуы мен қалпына келтіруіне жәрдемдесуге, су пайдалануда басымдықтар белгілеуге тиіс.

4. Суды кешенді пайдалану мен қорғау схемалары мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебімен әзірленеді.

Схемаларды әзірлеудің перспективалық және жылдық жоспарларын республиканың жекелеген аймақтарындағы су шаруашылығы мен экологиялық жағдайды талдау негізінде облыстар әкімдерінің ұсыныстарын ескере отырып мемлекеттік су ресурстарын басқару органы жасайды.

5. Табиғат пен қойнауын қорғау органдары экологиялық сараптама жасағаннан кейін мемлекеттік су ресурстарын басқару органының ұсынысы бойынша суды кешенді пайдалану мен қорғаудың мемлекеттік маңызы бар схемаларын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді, ал жергілікті маңызы бар схемаларды облыстардың әкімдері бекітеді.

Су шаруашылығы балансы аталған схемалардың құрамды бөлігі болып табылады және ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша тұтынушылар арасында су ресурстарын қайта бөлу мен жаңа өндірістік күштерді орналастыру мүмкіндігін табу үшін бөлек жасалып, бекітіле алады.

Бекітілген схема су шаруашылығы балансы тұтынушыларға немесе олардың топтарына су лимитін белгілеудің, сондай-ақ схемада қарастырылған аумақта су ресурстарын пайдалану мен қорғау жөніндегі шараларды жоспарлаудың, әзірлеу мен олардың жүзеге асырудың негізі болып табылады.